

**Есептік тіркеуден өту үшін ұсынылатын құжаттар тізбесін қоса алғанда, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың есептік тіркеуден өту, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізілімін жүргізу және тізілімнен шығару қағидаларын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 227 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 4 желтоқсанда № 19686 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 24 наурыздағы № 21 қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.03.2020 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы қаулы 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Микроқаржылық қызмет туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Есептік тіркеуден өту үшін ұсынылатын құжаттар тізбесін қоса алғанда, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын есептік тіркеуден өту, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізілімін жүргізу және тізілімнен шығару қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-

тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Сыртқы коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

6. Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Ұлттық Банк  
Төрағасы

*Е. Досаев*

КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика

министрлігі

2019 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі

министрлігі

2019 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2019 жылғы 28 қарашадағы  
№ 227 қаулысымен  
бекітілген

**Есептік тіркеуден өту үшін ұсынылатын құжаттар тізбесін қоса алғанда, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың есептік тіркеуден өту, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізілімін жүргізу және тізілімнен шығару қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Есептік тіркеуден өту үшін ұсынылатын құжаттар тізбесін қоса алғанда, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың есептік тіркеуден өту, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізілімін жүргізу және тізілімнен шығару қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Микроқаржылық қызмет туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы

Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді есептік тіркеуден өту үшін ұсынылатын құжаттар тізбесін қоса алғанда, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың есептік тіркеуден өту, есептік тіркеуден өту үшін ұсынылатын құжаттар тізбесін, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізілімін жүргізу және тізілімнен шығару тәртібін айқындайды.

Қағидалардың мақсаттары үшін микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар ретінде микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын микроқаржы ұйымдары, кредиттік серіктестіктер және ломбардтар түсініледі.

2. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды есептік тіркеу Заңның 14-бабына және Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың есептік тіркеуден өту тәртібі және есептік тіркеуден өту үшін ұсынылатын құжаттар тізбесі**

3. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым есептік тіркеуден өту үшін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) мынадай құжаттарды қоса бере отырып, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беруге уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырған өтінішті "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы ұсынады:

1) жарғылық капиталдың төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті капиталдың ең төменгі мөлшерін сақтау туралы мәліметтер;

2) есептік тіркеуден өткені үшін алымның төленгенін растайтын құжат;

3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ломбардтың үй-жайларының қауіпсіздігін және техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жүйесі туралы мәліметтер (ломбардтар үшін).

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген құжаттар PDF форматында құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде ұсынылады.

4. Уәкілетті орган құжаттардың толық топтамасы ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымды микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізіліміне енгізеді және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымды оны көрсетілген тізілімге енгізілгендігі туралы хабардар етеді не есептік тіркеуден бас тарту себептері туралы жазбаша түрде дәлелді жауап жібереді.

5. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымды есептік тіркеуден бас тарту Заңның 15-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

Есептік тіркеуден бас тартылған жағдайда микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік, ломбард ретінде тіркелген заңды тұлға Заңның 15-бабының 2-тармағында көзделген шараларды қабылдайды.

### **3-тарау. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізілімін жүргізу және тізілімнен шығару тәртібі**

6. Уәкілетті орган Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізілімін (бұдан әрі - тізілім) жүргізеді.

Тізілім уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

7. Уәкілетті орган тізілімге Заңның 7-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ұсынылған микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның орналасқан жері туралы мәліметтерді енгізеді.

8. Уәкілетті орган микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымды Заңның 16-бабының 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша тізілімнен шығарады.

9. Уәкілетті орган микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым тізілімнен шығарылған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде Заңның 7-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым ұсынған, өтініште немесе құжаттарда көрсетілген мекенжай бойынша жазбаша хабарлама жібереді.

Есептік тіркеуден өту үшін  
ұсынылатын құжаттар тізбесін  
қоса алғанда, микроқаржылық  
қызметті жүзеге асыратын  
ұйымдардың есептік тіркеуден  
өту, сондай-ақ микроқаржылық  
қызметті жүзеге асыратын  
ұйымдардың тізілімін жүргізу  
және тізілімнен шығару  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

---

(қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және

---

қадағалау жөніндегі уәкілетті органның толық атауы)

---

(өтініш берушінің толық атауы)

## Өтініш

---

(микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік, ломбард)

ретінде есептік тіркеуден өткізуіңізді сұраймын

Өтініш беруші туралы мәліметтер:

1. Өтініш берушінің орналасқан орны

---

---

(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үйдің, офистің нөмірі)

---

---

(телефон, факс, электрондық поштаның мекенжайы, бар болса интернет-ресурс)

2. Жіберілетін құжаттардың тізбесі, олардың әрқайсысы бойынша даналар мен парақтар саны:

---

---

---

3. Өтініш берушінің құрылтайшысы (акционері, қатысушысы) ірі акционер болып табылатын немесе жарғылық капиталға он немесе одан астам қатысу үлесіне тікелей және (немесе) жанама иелік ететін ұйымдар туралы мәліметтер:

---

\_\_\_\_\_ (жеке тұлғаның – құрылтайшының (акционердің, қатысушының) тегі, аты және әкесінің аты

(ол бар болса), заңды тұлғаның - құрылтайшының (акционердің, қатысушының) атауы)

---

---

(ұйымның атауы, орналасқан орны, қызметінің түрі және мемлекеттік тіркеу туралы деректер)

---

---

(иелік ету: тікелей және (немесе) жанама, құрылтайшыға (акционерге, қ а т ы с у ш ы ғ а ) т и е с і л і дауыс беруші акциялар санының ұйымның дауыс беруші акцияларының жалпы

с а н ы н а

пайыздық арақатысы немесе ұйымның жарғылық капиталына қатысу үлесі)

4. Мемлекет қатысатын кредиттік бюромен жасалған ақпарат беру туралы шарттың күні және нөмірі

Өтінішке қоса берілген құжаттар мен ақпараттың тексерілгенін және дәйекті әрі толық болып табылатынын растаймын.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтініш беруге уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы \_\_\_\_\_

Есептік тіркеуден өту үшін ұсынылатын құжаттар тізбесін қоса алғанда, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың есептік тіркеуден өту, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізілімін жүргізу және тізілімнен шығару қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

### Меншікті капиталдың ең төменгі мөлшерін сақтау туралы мәліметтер

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның атауы	Күні	Меншікті капиталдың мөлшері (мың теңгемен)

20 \_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_.

Өтініш берушінің құрылтайшысының (акционерінің, қатысушысының) қолы

Есептік тіркеуден өту үшін ұсынылатын құжаттар тізбесін қоса алғанда, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың есептік тіркеуден өту, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізілімін жүргізу және тізілімнен шығару қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

**Ломбардтың үй-жайларының қауіпсіздігін және техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жүйесі туралы мәліметтер \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ үй-жайы (өтініш берушінің толық атауы)**

заттарды ломбардта сақтау, ломбардтар үй-жайларының қауіпсіздігін және техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету бойынша талаптар белгілеуді, заңсыз табылған заттардың ломбардтарда айналымына қары іс-қимыл шараларын қоса алғанда, "Микроқаржылық қызмет туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 4-3) тармақшасына сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау бойынша уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен бекітілген ломбардтардың қызметін ұйымдастыру тәртібіне сәйкес болатын аймақтардан тұрады:

Ломбардтың үй-жайы	Сипаттама (еркін нысанда сипаттау)
Операциялық касса	
Клиенттерге қызмет көрсету аймағы	
Заттарды, кепіл мүлкін сақтауға арналған орын	

20 \_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_.

Өтініш берушінің құрылтайшысының (акционерінің, қатысушысының) қолы

\_\_\_\_\_

Есептік тіркеуден өту үшін ұсынылатын құжаттар тізбесін қоса алғанда, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың есептік тіркеуден өту, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізілімін жүргізу және тізілімнен шығару қағидаларына 4-қосымша

**Нысан Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізілімі  
20 \_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша**

№	Берілген тіркеу нөмірі	Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның атауы	Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның бизнес- сәйкестендіру нөмірі
1	2	3	4

кестенің жалғасы:

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның мекенжайы (орналасқан жері)
5	6

кестенің жалғасы:

Телефон, факс нөмірі, электрондық пошта			
--	--	--	--

мекенжайы, интернет-ресурсы (бар болса)	Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізіліміне енгізу күні	Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізілімінен шығару күні	Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізілімінен шығару негізі
7	8	9	10

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2019 жылғы 28 қарашадағы  
№ 227 қаулысына  
қосымша

## **Күші жойылды деп танылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің құрылымдық элементтерінің тізбесі**

1. "Микроқаржы ұйымдарының есептік тіркеуден өту, сондай-ақ микроқаржы ұйымдарының тізілімін жүргізу және тізілімнен шығару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 386 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8319 болып тіркелген, 2013 жылғы 5 маусымда "Егемен Қазақстан" газетінде № 141 (28080) жарияланған).

2. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Микроқаржы ұйымдарын есептік тіркеуден өткізу және микроқаржы ұйымдарының тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 386 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 мамырдағы № 120 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8566 болып тіркелген, 2013 жылғы 7 тамызда "Заң газеті" газетінде № 116 (2317) жарияланған).

3. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 109 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9712 болып тіркелген, 2014 жылғы 28 қазанда "Заң газеті" газетінде № 162 (2556) жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесінің 11-тармағы.

4. "Микроқаржы ұйымдарын есептік тіркеуден өткізу және микроқаржы ұйымдарының тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан



Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 386 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 57 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11324 болып тіркелген, 2015 жылғы 25 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

5. "Қазақстан Республикасының қаржы нарығы және қаржы ұйымдары мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 12 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13308 болып тіркелген, 2016 жылғы 14 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін қаржы нарығы және қаржы ұйымдары мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерінің тізбесінің 10-тармағы.

6. "Микроқаржы ұйымдарын есептік тіркеуден өткізу және микроқаржы ұйымдарының тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 386 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қазандағы № 257 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14652 болып тіркелген, 2017 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

7. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығының мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 26 ақпандағы № 27 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16823 болып тіркелген, 2018 жылғы 11 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) 1-тармағы.

8. "Есептік тіркеуден өту және микроқаржы ұйымдарының тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 386 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 216 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17656 болып тіркелген, 2018 жылғы 5 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК